**Шабденова Айжан Базархановнаның**
**«6D050100-Әлеуметтану» мамандығы бойынша**
**Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған**
**диссертацияға**

# АҢДАТПА

## Ірі қаладағы моно ата-аналы отбасылардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесі (Алматы қаласының негізінде)


**Жалпы жұмыстың мінездемесі.** Диссертациялық жұмыста қазіргі кездегі Қазақстандағы моно ата-аналық отбасылардың әлеуметтік және экономикалық жағдайлары мен стратегиялары әлеуметтанулық білім деңгейінде зерттелінген. Жұмыста трансформацияланған қазіргі қоғамдағы моно ата-аналық отбасылардың институтциялдануы және бір моно ата-аналық отбасылардың жағдайларын түрлі әлеуметтік және экономикалық аспектілер негізінде қарастырылған. Бұл тақырыптың өзектілігі қазақстандық қоғамның қазіргі кезде реформациялану мен жаһандануы кезінде маңызды болып тұр, себебі қашанда болмасын моно ата-аналық отбасылардың мәселелерін қарастыру әрқашан әлеуметтанулық аспектілер негізінде анализ жасау тақырыптық, мазмұндық және методологиялық жағынан актуалды мәселе болады.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Экономика, саясат жүйелері, дін, білім беру институттары сияқты, әлеуметтану мен жалпы қоғамда маңызды институттардың бірі болатын ол, отбасы. Отбасы әлеуметтік институттар ішіннен басқа институттарға қарағанда аса маңызды және біріншілікті ролдерді ойнайды және қоғамның қалыпты әрі дұрыс өзінің қызметтерін атқаруы үшін маңызды. Қазақстан қоғамның толығымен трансформациялануы өткен ғасырларда басталған болатын, осындай өзгерістер мен өзгерулер қоғамда адамдар арасындағы әлеуметтік байланыстардың әлсіреуі мен отбасының өзгеруіне әсер етті. Қоғамның трансформациялануы күнделікті тәжірибелік өмірдің өзгеруіне әсер етеді, ол болса әлеуметтік қарым-қатынастар мен байланыстардың өзгеруіне әсер етті. Ал осындай өзгерістер қазіргі кездегі отбасы мен отбасы саясатының өзгеруіне алып келді, жалпы алғанда экономикалық және әлеуметтік жағдайлар салдарынан отбасы жағдайы мен мәселелері онсызда осал болып тұр. Тақырыптың зерттеу акуалдығын Қазақстандағы және дүниежүзі елдеріндегі бір ата-аналық, толық емес отбасылардың бар болуын демографиялық тенденциялар негізінде көрсетілген. Моно ата-аналық отбасылардың пайда болуы балалары бар ата-аналардың ажырасуы салдарынан, некеден тыс балалардың туылуы, отбасындағы еңбекке жарамды ер адамдардың қайтыс болуы салдарынан осындай сипаттағы отбасылар саны өсіп жатыр.

Зерттеу жұмысының маңыздылығында айта кететін жағдай, отбасылардағы моно ата-аналық отбасы түсінігі бұл қоғамнан ауытқушылық, нормаға сай еместік немесе дағдарыстық жағдайлар салдарынан пайда болған

отбасылық жағдай емес. Бұл дегеніміз отбасылық қарым-қатынастың жаңа формасы. Некеден тыс бала тууға ұмтылу- бұл үрдіс ол репродуктивті толығымен қамтылған қазіргі заманғы әйелдердің стратегиясы ретінде анықталуы мүмкін немесе ондай балалар азаматтық неке негізінде дүниеге келуі мүмкін. Бұл аталып отырған үрдіс XX ғасырдың 70 жылдары қоғамды бақылау негізінде көрінген, бұл дегеніміз отбасының дәстүрлі функцияларын орындауын әлсіреткендігін және отбасы ішіндегі әлеуметтік ролдердің трансформациялануына алып келген жағдай. Аталған барлық жағдайларға қарамастан аналық немесе әкелік толық емес отбасында көптеген өмірлік қиындықтар болады, ең бірінші қиындық ол отбасының экономикалық жағдайында көрініс табады. Ал осындай мінездегі қиындықтарды өткеру әлеуметтік жағдайлар мен сол жалғыз басты ананың немесе әкенің тұлғалық қасиеттері мен өзіндік қағидаларына байланысты болады. Тақырыптың актуалдығы оның таралу аймағында, ол аймақтардағы, мемлекеттердегі, қалалардағы, ауылдардағы отбасылық құндылықтардың өзгерулерінен көрініс табады. Аталған аумақтардағы отбасы құндылықтарының трансформациясы әлеуметтанулық зерттеудің әлеуметтік-экономикалық жағынан қазақстандық отбасылардағы моно ата-аналық отбасыларды зерттеуді маңызды және дамып келе жатқан мәселе екенін көрсетеді.

**Мәселенің зерттелу деңгейі.** Отбасындағы бір ата-аналық түсінігін отбасы әлеуметтануы пәні негізінде қарастыруымыз керек, ол жерде отбасы әлеуметтік интитут ретіндегі қазіргі отбасылардың трансформацияланған үрдістерін, күйін көре аламыз. Диссертациялық зерттеу жұмысында моно ата-аналық отбасылардың әлеуметтік-экономикалық ролдерін анықтаудағы кезігетін мәселелерді зерттеу үшін отандық, шет елдік және ресейлік зерттеу жұмыстарын қарастырды. Аталған зерттеу жұмыстары қарастырудың маңызы отбасы әлеуметтік институтының мәселелерін анықтауда методологиялық жұмыстың маңызын ашып, отбасы институтын демографиялық үрдістер негізінде, әлеуметтік-саяси бағыттардың өзгеруі мен экономикалық және геосаясаттың өзгерулері мен дамуы негіздерінде зерттеуге мүмкіндік береді. Моно-ата-аналық мәселесін қарастыру кезінде моно-ата-аналық отбасылардың материалдық жағдайының жайсыздығы мазаландырып, көп жағдайда сол тақырып аясында талқыланады. Диссертациялық жұмыстың авторлары осы мәселені көтере отырып мемлекеттің және көпшілік қоғамның жалғызбасты ата-аналар мен олардың балаларының кезігетін қаржылық қиындықтарына назар аудартқысы келетіндігінде, сонымен қоса оларға сай өмір сүру стратегияларының ауысуы мен өзгеруіне және жалғызбасты ата-аналардың құндылықтық ұстанымдарының ерекшеліктеріне назар аудартқан.

Жоғарыда атап кеткен мәселелер мен жалпы тақырыптың өзектілігін авторлардың әдебиеттерді талдау мен іздестіруі кезінде анықталған, жиналған ақпараттардың негізінде моно ата-аналық түсінігінің қарамағында қалыптасқан әлеуметтік- мәдени үрдістерді қарастырғанында бұл тақырыптың толық зерттелінбегендігін, тақырыптың жеке қырлары мен бағыттарының толық зерттелінбегендігін талданған әдебиеттерден көрсеткен. Талданған әдебиеттер дереккөздерінен кейін моно ата-аналық тақырыбына қатысты

зерттеулердің жүргізіліп, зерттелінбеуі авторлардың диссертация тақырыбын дұрыс алғандығын көрсетеді. Аталған тақырыпқа сәйкес толық зерттелінбеген тақырыптардың бірі ол Орталық Азиядағы жалғызбасты ата-аналардың жағдайлары мен олардың әлеуметтік-экономикалық статустарының анықталуы. Зерттеушілер әлі күнге дейін отбасы және некедегі ұстанымдарды қалыптастырып, оны іске асыратын мәдени ортаның толық зерттелінбегендігі. Сонымен қоса, Қазақстандық моно ата-аналық отбасылардың әлеуметтік-экоомикалық стратегияларының зерттелінбеген тақырыптардың бірі болып қалуы диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбының өзектіліг айқындайды.

**Жұмыстың мақсаты:** Моно ата-аналық отбасылардың әлеуметтік-экономикалық статустарын анықтау, тұлғалық және экономикалық жайлылыққа жету үшін негізделген моно ата-аналық отбасылардың стратегияларын анықтау және де аталмыш зерттеу нысанындағы отбасыларды әлеуметтік қолдау үшін маңызды және қиындық туындататын мәселелерді анықтау және талдау.

Диссертациялық зерттеу жұмысының мақсаты төменде көрсетілген **міндеттерді** шешу:

- Қазақстандық қоғамда қалалық жерлердегі моно ата- аналық отбасылардың әлеуметтік статустарын анықтау;
- Моно ата-аналық отбасылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайлары мен ата-аналардың әлеуметтік хәл-жағдайларын анықтау;
- Әртүрлі статустардағы отбасыларға, некеге, ажырасуға Қазақстандықтардың ойлары мен оларға деген қарым-қатынастарын зерттеу;
- Моно-ата-аналық отбасылардың жеке және экономикалық жайлылыққа жету кезіндегі стратегиялары мен проблемаларын салыстырып, сараптама жасау;
- Ата-аналардың өздерін жақсы сезінулері үшін әсер ететін әлеуметтік ортадағы факторлардың әсерін сараптау;
- Жалғызбасты ата-аналардың жайлылығын сипаттайтын және ерекшелейтін детерминанттарды анықтау және сипаттау.

**Зерттеу нысаны:** Алматы қаласы моно ата-аналық отбасылардың жалғызбасты ата-аналары.

**Зерттеу пәні:** Моно ата-аналық отбасылардың тұлғалық және экономикалық жайлылығы.

**Зерттеу болжамы.** Кәмелет жасына толмаған балалардың ата-аналарының әлеуметтік- экономикалық статустары отбасының құрылымына қарай мынандай болып бөлінеді: екі ата-анасы бар отбасылар және моно ата-аналы отбасылар. Әлеуметтік факторлардың балаларға қатысты әсері мен ол жердегі балалардың қарым-қатынастары тікелей олардың ата-аналарының және отбасы типтерінің (моно ата-аналық отбасы, екі ата-анасы бар отбасылар) өмірлеріне қанағаттану немесе қанағаттанбау деңгейіне тікелей әсер етеді.

**Зерттеу жұмысының эмпирикалық базасы.**

Зерттеу жұмысында сандық және сапалық зерттеу әдістері арқылы жиналған әлеуметтік зерттеудің нәтижелері қолданылған. Сандық әдісті пайдалану кезінде face-to-face әдісі стандартталған сауалнама негізінде зерттеу жүргізілген. Сандық зерттеу әдістері зерттеу тақырыбында көрсетілген мәселелердің таралу ауқымы мен мәселенің ауқымын анық көрсетеді. Сапалық зерттеу әдістерін қолдану кезінде бірнеше тереңдетілген сұхбаттар мен кейс- стадилер өткізілген. Сапалық зерттеу әдістері зерттеуде әлеуметтік зерттеуде жүргізілген сауалнама мен статистикалық ақпараттар анықтамай, шетте қалып қойған ақпараттарды алуға мүмкіндіктер береді.

Теоретикалық зерттеу бөлімі авторлық социологиялық зерттеулердің нәтижесі негізінде жазылған. Диссертацияны дайындау кезінде статистика Камитетінің сандық зерттеу ақпараттары мен келесі зерттеу нәтиделері көрсетіледі:

1. 2016 жылы қазақстандық балалардың жағдайы мен олардың құндылықтарын зерттеу мақсаттарында «Бақытты бала- бақытты отбасы- бақытты ел» әлеуметтанулық зерттеу жобасы өткізілген болатын. Аталмыш жобаны Қоғамдық Пікірді Зерттеу Орталығы «Бақытты бала» Республикалық қоғамдық бірлестігінің тапсырысы негізінде жасаған, КЕАҚ «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы»-ның мемлекеттік гранты негізінде, Қазақстан Республикасының Дін және азаматтық қоғам Министрлігінің қолдауымен жасалынған. Сауалнамаға 1000 респондент қатысқан, қатысқандар кәмелет жасына толмаған балалары бар ата-аналар. Диссертациялық зерттеу жұмысының авторы жоғарыда аталған жобаларды зерттеушілердің бірі, сауалнама құралдарын жасаушы мен аналитикалық есеп жазған.
2. Диссертациялық жұмыста моно-ата-аналық отбасылардың өмірлері, жалғызбасты ата-аналардың кезігуі мүмкін мәселелер туралы сапалық әдістер (тереңдетілген сұхбат) әдістері арқылы жиналған зерттеу қорытындылары қолданылған. Бұл мәселелер Қазақстанның ірі қаласының бірі- Алматының мысалы негізінде зерттелген. Аталған зерттеу жұмысы ҚПЗО (Қоғамдық Пікірді Зерттеу Орталығы) қызметкерлері жүргізген, бұл тәуелсіз зерттеу орталығы, әлеуметтік зерттеулер жүргізумен айналысады. Жалпы алған кезде 33 сұхбат жүргізілген, оның ішінде: 28 сұхбат (жалғызбасты аналармен) 18 жастан 47 жасқа дейінгі аралықта, сұхбатқа қатысушылардың орта жасы 32,7. 5 сұхбат ер адамдармен (жалғызбасты әкелер) әртүрлі жастағы 41 жастан 56 жасқа дейінгі, осы сұхбатқа қатысушылардың орта жасы 49,8.

Зерттеу жұмысының барысында жалғызбасты ата-аналардың әртүрлі әлеуметтік-экономикалық статустары, олардың күнделікті өмірлеріндегі бала тәрбиесі, жұмыс пен отбасылық өмірдің сабақтастықтары мен балаларына институционалды білім берулері зерттелген. Осындай мәселелерді қарастыру арқылы моно-ата-аналық отбасылардың отбасылық өмірлерін балала тәрбиесімен, ал осы екеуін отбасының экономикалық- қаржылай қажеттіліктерін қанағаттандыру кезіндегі қызметтерін істеу барысында барлығын біріктіріп қалай істейтіндігі анықталған. Осы арқылы Қазақстанның ірі қаласында моно-ата-аналық отбасылардың күнделікті өмірлеріндегі

әлеуметтік және экономикалық белсенділіктері мен кездесетін қиындықтарын үлгілей алдық.

**Зерттеудің методологиясы мен теориялық негіздері.**

Диссертациялық жұмыстың теоретика- методологиялық спецификасы ретінде зерттеу нысанасы мен пәні айқындайды, себебі отбасы ол тұлға ең бірінші болып қалыптасатын, дамитын алғашқы институттардың бірі және де ол басқа әлеуметтік институттармен бірге қатарласа отырып дамуы керек. Отбасында тұлғаның адамгершілігі, іс-әрекеті, жалпы жан дүниесі мен жеке даралық адами тұлғалық қасиеттері қалыптасады. Зерттеу жұмысының теориялық-методологиялық негізі ретінде құрылымдық-функционалдық және жүйелік теориялар, сонымен қоса адам дамуының экологиялық теорияларын салыстырмалы- тарихи әдістерді қолданып зерттеу және статистикалық ақпараттарға анализ жасау негізге алынған. Методологиялық контекстіде әлеуметтік үлгілеу кезінде әлеуметтік жүйелердің мынандай ерекшеліктерін қарастыруда қоғамның дамуының бір келкі болмауы, қайталанып отыруы, полициклдық қарқындарына тіркеу және талдау жұмыстары жүргізілген жәнеде олардың детерминанттық байланыстары мен өзара қатынастары анықталған. Теориялық және методологиялық бөлімдерде әлеуметтік ақпараттарды өлшеудің классикалық метрологиялық зерттеу өлшемдері қолданылған олар, Р.Лайкерт, Л.Гуттман, Л.Терстоунның өлшемдері және екі тәуелсіз іріктеулерді талдау үшін Т-Test (Стьюденттің тесті), параметрикалық емес зерттеу әдісі- U Манна-Уитни критериін тәуелсіз іріктеулер үшін пайдаланған.

Ата-аналардың өздерін жақсы сезінуіне әлеуметтік орта факторлардың әсерін зерттеу кезінде факторлық және регрессиондық талдау әдістері қолданылған.

**Диссертациялық жұмыстың өзектілігі оның жаңа тақырыпты зерттеп, қарастыруында, осыған сай келесі мәселелер қорғауға ұсынылады:**

1. Зерттеу жұмысында моно ата-аналық отбасының институтционалдануы мәселесін теориялық жүйелеу мен методологиялық қисындарды пайдала отырып аталған зерттеу нысанына түрлі әлеуметтік факторлар негізінде қарастыра, зерттелген. Жалғыз ата-аналық отбасыларда әлеуметтік-экономикалық және гендерлік ролдердің маңыздылығының корреляциясы жасалынып, қоғамдық пікірде әлеуметтік-мәдениет негізінде моно ата-аналық отбасы түсінігін қалыптастыру.
2. Моно ата-аналық отбасылардың санының көбеюі Қазақстандық қоғам мен дүниежүзінің барлық жерінде көрінуде, ол отбасы әлеуметтік институтының дамуы мен өзгеруін көрсетіп отыр. Аталған отбасы құрылымының қалыптасуы мен моно ата-аналық отбасылардың қалыптасуы мына себептерге байланысты: балалардың жоспарланған немесе жоспарланған жүктілік кезінде некеден тыс кезде туылуы; ажырасу; ата-аналардың бірінің қаза болуы. Қазақстанның ірі қалаларында некеге тұрмай бірге тұру үрдісі дамып келе жатыр, бұның өзі жаңа отбасының түрінің қалыптасуна негіз болып отыр. Моно ата-аналық отбасылардың дамуы мен

жалпы қалыптасуна отбасындағы ата-аналардың ажырасуы басты себеп болып тұр.

3. Зерттеу барысында әртүрлі отбасы мен түрлі әлеуметтік статустағылардың некеге деге көзқарастары анықталып, сипаттамалар келтірілді. Алматы қаласы тұрғындарының неке мен отбасы құруға деген жағымды көзқарастары мен пікірлері анықталды және де солардың ішінде жағымсыз пікірлер мен «жауап беруге қиналамын» деп жауап бергендердің көбі олар зерттеу нысандарының өздері, бір ата-аналық отбасылардың мүшелері болды. Осы жағдайды түсіндіруге болады, себебі осы топтағылар өздерінің отбасы мен некедегі қарым-қатынастарындағы жайсыз тәжірибелеріне қарап осылай жауап берген, осы жағдайдың салдарынан олар жалғызбасты ата-ана статусын иеленіп отыр. Зерттеу кезінде идивидумның отбасының статусымен және ата-аналарының некедегі сәттіліктері арасындағы жүйелі байланыстардың бар екендігі анықталды.

4. Эмпирикалық зерттеудің нәтижесі ретінде жалпылама түрде ірі қалалардағы жалғызбасты ата-аналардың әлеуметтік-демографиялық кескінін көрсету үшін салыстырмалы зерттеу әдісі пайдаланылған. Зерттеу жұмысында аталшым әлеуметтік топтың сипаттамалары көрсетіліп, оларды сипаттамайтын келесі мінездемелерді көрсетеді, олар: (1) жалғыз басты ата-аналардың гендерлік құрылымы; (2) жас ерекшеліктеріне сай корреляция; (3) этникалық құрылымы; (4) ата-аналарының некелік статустары; (5) балалар саны.

5. Моно ата-аналық отбасылардың әлеуметтік- экономикалық жағдайлары және олардың әлеуметтік өзін-өзі сезінулері (хәл- жағдайлары) зерттеулген. Диссертациялық жұмыс кезінде моно ата-аналық отбасылардың әлеуметтік хәл-жағдайлары (өзін-өзі сезінулерін) зерттеу кезінде екі көрсеткіш қарастырылған: өмір сүру деңгейін қанағаттанарлық және тұрмыстық материалдық жағдайға деген қанағаттанушылықтың деңгейі. Өмір сүру деңгейін қанағаттанушылық тұрмыстық өмір сүруге деген қанағаттанушылықпен түспа-түс келеді, материалдық жағдайға қанағаттанушылықтың деңгейінінің жоғары болуы өмір сүруге деген қанағаттанушылық деңгейінің жоғарылығын (қанағаттанушылығын) көрсетеді.

6. Балалардың қарым-қатынасына деген әлеуметтік факторлар белгілі бір деңгейде ата-аналардың өмірлеріне деген қанағаттанушылығына әсер етіп, олар отбасының типтеріне қарай былай бөлінеді:

- Отбасында екі ата-анасы бар отбасылардың өмір сүруіне қанағаттанушылық деңгейіне олардың балаларының қаржылай-тұрмыстық қанағаттанушылық деңгейіне тікелей әсер етеді. Екінші фактор балалардың қауіпсіздік жағдайлары.
- Моно ата-аналық отбасылардың өмір сүруіне қанағаттанушылық деңгейіне олардың балаларының қауіпсіздік жағдайлары да әсер етеді, екінші кезекте олардың балаларының спорттық, мәдени, қоғамдық іс-шаралар мен қызығушылықтарына қарай үйірмелерге барулары әсер етеді. Бұл

факторлық және регрессиялық зерттеу нәтижелерін сараптау кезінде байқалған.

7. Зерттеу негізінде толық отбасындағы және бір ата-аналық отбасылардың дінге сенімділік деңгейі анықталды. Жалғызбасты ата-аналар басқа типтегі отбасылардың мүшелеріне қарағанда дінге сенушілік деңгейлері жоғарырақ. Жалғызбасты ата-аналар жиі өз-өзімен тыныштықта болуға, сабырлықта болуды қалайтындықтан, олар діни ережелерді сақтайды. Кластерлік талдау к-орташа әдісі арқылы жасалынған кезде анықталғаны: белсенді сенушілер, яғни өз дінінің ұстанымын берік ұстанушылардың қатары моно ата-аналық отбасылардың ішінде көп таралған, бұл екі ата-аналары бар отбасыларға қарағанда азырақ келеді. Атап кететін жағдай, моно ата-аналық отбасылар арасында атеисттер саны, басқа отбасы түрлері мен формаларына қарағанда азырақ келеді.

**Жұмыстың қысқаша мазмұны. 1 бөлім «Қазіргі заманауи қоғамдағы Моно ата-аналық мәселесін отбасы институтының трансформациялануы контексті негізінде»,** 3 тараудан құралған. Бұл тарауда отбасының өзгеруіне әсер ететін факторлар мен заманауи қоғамдағы отбасылық қарым-қатынастарды суреттейтін, зерттелген теориялар талданып, сараптама жасалынған. Сонымен қатар, отбасының құрылымы мен оның атқаратын қызметтері қазіргі кездегі өзгерістерге сәйкес контекстіде зерттелген.

1.1. «Отбасы дамуының тенденциялары мен отбасы қарым-қатынастарын әлеуметтік зерттеу» тарауында отбасы мәселелерін экономикалық, саяси, мәдени заманауи қоғамдағы үрдістер негізінде қарастыра зерттеу арқылы, аталған тақырып бойынша теориялық үлгілеу жұмыстары жазылған. Отбасы маңызды әлеуметтік институт ретінде қоғамдық өмірді қалыптастырушы, мәдени құндылықтар, нормалар мен үлгілерді тасымалдаушы болып келеді де, қоғамды қалыптастырушы және алқа жылжытушы маңызды бөлшек болып табылады. Қазақстан және басқа елдерде де жалғызбасты ата-аталардың көбейгендігін көреміз, бұл зерттелініп отырған отбасы түрінің қазіргі кезде зерттелуге тиіс өзекті мәселе екендігін айқындайды. Теориялық-методологиялық модельді қалыптастырудағы мақсат, ол жалғызбасты ата-аналық мәселесі. Зерттеу кезінде отбасы әлеуметтанудың жекеленген мәселелері әртүрлі тарихи кезеңдерде зерттеліп, « моно ата-аналық» отбасы түсінігінің қалыптасу кезеңі көрсетілген.

1.2 тарау «Моно ата-аналық заманау қоғамның әлеуметтік практикасы ретінде». Отбасының қызмет етуінің жеке аспектілері мен жалғызбасты ата-аналық контекстінде отбасылық қарым-қатынастардың қызмет етуінің жеке элементтеріне талдау жасалынған. Автордың айтуынша, моно ата-аналық отбасылардың әлеуметтік- экономикалық статустарын базалық үлгілеу кезінде отбасының атқаратын екі маңызды функциясына назар аудару керек, олар: экономикалық және тәрбие берушілік. Осы кезде автордың айтуынша, «жайлылық» және «ата-аналық компетенттілік» сөздеріне талдау жүргізіп, моно ата-аналық мәселелерін суреттеу кезінде қолданылатын маңызды түсініктер ретінде пайдалану керек.

1.3 «Моно ата-аналық отбасылардың әлеуметтік- экономикалық статустары: құрылымдау, анықтау және зерттеу әдіснамасы» тарауында отбасының әлеуметтік- экономикалық статустарын анықтаудың теориялық және методологиялық мәселелері көрсетілген. Автордың қорытындысы бойынша, моно ата-аналық отбасылардың өмір сүру іс-әрекеттерін зерттеу кезінде әлеуметтік-экономикалық статусты анықтау түсінігі отбасында маңызды көрсеткішті сипаттайтындығын көрсетеді. Ол көрсеткіш жалғызбасты ата-аналардың экономикалық стратегияларын және олардың басым қалауларының қандай екендігін көрсетіп, отбасы және ата-аналар қарым-қатынастарын толық ситаптайтын көрсеткіш және түсінік екендігін қорытындылаған. Осыған сәйкес біз кедейлік пен жалғызбасты ата-аналардың әлеуметтік осалдығын, жолы болмаушылығы мен бала тәрбиелеудегі тік көрсетілген корреляциялардың арасындағы мүмкін ауытқушылықтарды қолдаймыз.

**2 бөлім «Қазақстандағы моно ата-аналықтың таралу масштабы мен тенденциялары».** Бұл жерде эмпирикалық зерттеудің негізгі нәтижелері, корреляциялық ақпараттар, корреляциялар, негізі теориялық негіздемелер көрсетілген.

2.1 «Қазақстандықтардың әртүрлі отбасы статустарына сай неке мен ажырасуға деген пікірлері мен қарым-қатынастары» тарауында компаративтік тұрғыдан методологияның нәтижелерін жекеленген бөлімдер бойынша көрсеткен. Зерттеуде моно ата-аналық отбасылардың, екі ата-аналы отбасылар мен үшінші топ, бұл респонденттер кәмелет жасына толмаған балалары бар ата-аналар.

2.2 «Қазақстанның ірі қалаларында (Алматы қаласының мысалы негізінде) моно ата-аналық отбасылардың қалыптасуы» тарауында сандық және сапалық зерттеулердің нәтижелері көрсетілген. Аталған бөлімде қалалық моно ата-аналық отбасылардың қалыптасуының негізгі факторлары көрсетілген, соған сәйкес сұхбат үзінділері көрсетіліп, аналитикалық қорытынды жалпылау көрсетеді. Қазақстанда моно ата-аналық отбасылардың қалыптасуына себеп ретінде: ажырасу, жұптардың неке құруға ұмтылыстарының жоқтығы, отбасыдан тыс бала туу үшін жоспарланған жүктілік. Осыған қоса Қазақстан үшін діни ғұрыптар негізінде рәсімделген заңсыз некелер феномені мен үрдісі көрінеді.

**3 бөлім «Отбасылардың әлеуметтік-экономикалық статустары: зерттеу нәтижесі».** 3 тараудан құрылған және қазақстандағы моно ата-аналық отбасылардың әлеуметтік-экономикалық статусын анықтауға негізделген эмпирикалық әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелері көрсетіледі.

3.1 тарау «Моно ата-аналық отбасылар мен екі ата-аналы отбасылардың әлеуметтік-экономикалық статустарын салыстырмалы зерттеу» социологиялық зерттеудің эмпирикалық нәтижелері көрсетілген. Ол сауалнамаға 1012 әртүрлі әлеуметтік топтан шыққан ата-аналар қатысқан.

3.2 «Ата-аналардың әлеуметтік өзін-өзі сезінулері» тарауында екі түрлі өзін-өзі сезінудің түрлерін көрсетеді: өмір сүруге қанағаттанушылық, үй шаруашылығының жағдайына қанағаттанушылық. Автордың айтуы бойынша

жалғызбасты ата-аналардың өздерін жақсы сезінулері үшін қоршаған орта факторларының оларға қалай әсер ететіндіктері әсер етеді. Автор сонымен қоса регрессиялық және факторлық талдаулардың нәтижелерін көрсетеді.

3.3 тарау «Ірі қалалардың мысалы негізіне отбасылардың әлеуметтік статустарының негізінде діни сенімдерінің деңгейлері». Осы тарауда моно ата-аналық отбасылар мен толық отбасылардың (екі ата-анасы бар) мүшелерінің дінге сенушілік деңгейлері анықталған.

**Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңыздылығы.**

Зерттеудің теориялық маңызы зерттеліп отырған тақырыпты қарастыру кезінде бір ата-аналы отбасылардың проблемаларын ауқымды зерттеп, анықтағандығында. Зерттеу барысында алынған нәтижелер, бізге ғылыми негіздегі Қазақстандағы бір ата-аналық отбасылардың өмірін анықтауымызға, түсініктерді қалыптастыруға мүмкіндіктер береді.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы осы тақырыпқа қатысты әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері негізінде бізде тұжырымдар мен ұсыныстар қалыптастыруға мүмкіндіктер береді. Тәжірибеге осы ұсыныстарды енгізу мемлекеттің демографиялық және отбасылық саясатты нәтижелі жүргізуге мүмкіндіктер беріп, оны мемлекеттік және аумақтық негіздерде іске асыра алатын боламыз. Бір ата-аналық отбасыларды қолдау мемлекеттегі адами потенциалдарды нығайту мен дамытуға мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде маңызды стратегиялық ресурстардың бірі.